



## «ЖАС ҚАЗАҚТЫҢ» КОНФЕРЕНЦИЯСЫ



# Наурыз!

## Ұрпаққа қалағаты зор

Үміт отын маздатып, тағы бір жаңа жыл табалдырықтан атады. Жыл басы – Наурыз мейрамын біз өз деңгейінде өткізіп, жалпы халықтық мерекеге айналдыра алдық па? Жетістігіміз қайсы, олқысы қайда? Міне, осындай сауалдар төңірегінде «Жас қазақ» газетінің ұйымдастыруымен Көкшетауда өткен кездесуде ортаға тасталды.

(Жалғасы 5-бетте)

### ТҮЙТКІЛ

Осыдан бес жыл бұрын болатын. Бір кездері Қызылорданың шетінде туберкулезге қарсы облыстық диспансерінің қасынан қаланы көкөніспен қамтимыз деген ниетпен 5,5 гектар жерге 120 жылыжай салынған еді. Бұдан тек Сыр өңірі емес, бүкіл Қазақ елі құлағдар болды. Өйткені, біраз басылым сүйіншілеген болатын. Тіпті осы жылыжай туралы мақаланы тамылжытып жазғанда қарнымыз шұрқырап, аузымыздың суы құрып, дәмеміз біраз жерге кеткен.


## ДАЛАҒА КЕТКЕН



## ДӘМЕ

### САҢЛАҚ

## ЖЕҢІС ТҰҒЫРЫНДА



Спорт қуған қазақ баласы, ақыл алда жүрмесе, мың жерден мықты болсаң да, Олимпиада жеңімпазы, әлем чемпионы атану мүмкін емес.

(Жалғасы 7-бетте)



### БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)  
51,68

DOLLAR  
318

EURO  
341,5

РУБЛЬ  
5,49

### ҚЫЗЫҚТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ

Бұдан кейін мақтанба!



(Жалғасы 3-бетте)

2

БЕУ,  
БЕНЗИН

ЖАҚСЫНЫ  
ЖАҚСЫ  
ДЕЙІК

4

АТАЖҰРТҚА  
АПАРАТЫН  
ЖОЛ ЫСТЫҚ

6

КӨНЕНІҢ  
КӨЗІ

7

on the web  
JASQAZAQ.KZ

Үкімет



# ЕНГІЗБЕЙ ТҰРЫП, ТҮСІНДІРУ КЕРЕК

«Біз міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды енгізу кезеңіндеміз. Бұл әр отандасымызға қатысты болғандықтан, денсаулық сақтау министрлігі мен жұмыс берушілер тарапынан нақты тиімді жұмыс жасалуы керек. Егер біз бұл жұмысты дұрыс атқармасақ, халықтың ашуына ілігіміз». Бұл туралы премьер-министр Бақытжан Сағынтаев осы аптада өткен үкімет отырысында мәлімдеді.

Үкімет басшысы денсаулық сақтаудың жана нысанды тұрғызудың және барлық саланы ақпараттандыру жұмысын жалғастырудың қажеттігін айтты. Соңғы 10 жылда елімізде мыннан астам денсаулық сақтау нысаны салынды. Үкімет басшысының пікірінше, тағы да осынша денсаулық сақтау мекемесі қажет. Бірақ соңғы кездері аумағы атшаптырым емхана салу сәнге айналып барды. Оған қыруар қаржы керек екені белгілі. Жиын барысында премьер-министр ақшаны босқа шашатындарды да сынады.

Ол «Өздеріңізге белгілі болғандай, біз соңғы он жылда 1000-ға жуық денсаулық сақтау мекемесін салдық. Алайда халық саны өсіп, ескі ғимараттар сүрілуде. Соңғы сараптама бойынша бізге тағы да осынша емхана салу қажет. Енді мұның өзін үлкен мәселе болып тұр. Соңғы кездері 500 адамға арналған ғимараттың өзін үлкен сарай етіп салып, оған 2

гектар жер бөлеміз. Бұны біз қайта қарап шығуымыз қажет», — деп атап өтті.

Сондай-ақ үкімет басшысы белгілі бір жұмыс атқарылып жатқанымен, оның белсенділігі төмен екенін айтты. Әлеуметтік желіде, интернетте түсіндіру аз. Сарапшыларды тарту жағы да кемшіні тартып отыр.

Б.Сағынтаев «Быттыр өзім әдейілеп Ютубта бейнеролик қаралым. Бейнеролик жаман емес. Бірақ адамдар міндетті медициналық сақтандыру болатынын білмейтін сияқты. Себебі роликті аз адам қараған. 10 айда небәрі 4 мың көрілім. Оны негізінен роликті жасаған адамдар, кімге қызық, солар қарап шыққанға ұқсайды. Бірақ көпшілік сол жұмыстың мағынасын білмейді де. Сондықтан қыруар жұмыс атқару керек. Реформаға жұмыссыздар, өзін-өзі қамтып отырғандар енгендіктен, олар үшін бұл маңызды. Егер біз бұл жұмысты дұрыс атқармасақ, халықтың ашуына ілігіміз. Сондықтан денсаулық министрлігі әкімдермен бірге түсіндіру жұмысына назар аударуы қажет», — деді.

Халыққа ақпаратты уақытылы жеткізу мәселесін де жетілдіру керектігіне тоқталды. Премьер-Министр «Бұл мәселеде, тіпті дәрігерлерге компьютер жетіспей жатады. Жергілікті атқарушы органдар осы бағыттағы жұмысты жандандыруы керек», — деді. Жиын соңында денсаулық сақтау, ақпарат және коммуникация министрліктеріне әкімдіктермен бірлесіп аталған мәселені пысықтап, наурыз айының соңына дейін тиісті ұсыныс енгізуді тапсырды.

(Өз тілшіміз)

## Әлеумет.t

Көктем келді. Әдеттегідей, таусылмайтын жанар-жағармай «жыры». Қымбат отынмен көлік иесін қорқытатын мұнай мамандары...

Бүгінде шенеуніктің де, сарапшының да сөзі бір: «Бензиннің үштен бір бөлігін Ресейден аламыз. Көрішіді баға бізден жоғары. Үш мұнай өңдеу зауыты жаңғыртылған соң ешкімге телмірмейміз». Бірақ тәтті уәденін орындалуын күтуге тура келеді. 2019 жылға дейін.

жағармаймен толық қамтамасыз етіледі. Екіншіден, шетелдік бензинге тәуелді болмаймыз.

Бұл ұсынысты қолдамайтындар алынатын мұнай өнімдерінің сапасы мен қалдықсыз өндіріс мәселесін көлденең тартуы мүмкін. Өйткені, жер-жерде заманауи құрал-жабдық пен технология арқылы қалдықты барынша азайтып, таза өнім алып жатқан кәсіпорындар баршылық. Осыдан біраз жыл бұрын

## БЕУ, БЕНЗИН

— Сонда күтуден басқа амал жоқ па? — деп сұрайды мұнайлы елдің пақыры.

— Әрине, бар, — дейді халық қалаулысы Ерлан Барлыбаев.

Мәжіліс депутаты әлгі үш кәсіпорынға мөлiмeй, қара майды өңдейтiн ұсақ зауыттардың қуатын пайдалануды ұсынды. Олар бiрeн-сараң емес, бақандай 32. Жылғына 6,5 млн тонна мұнай өңдеуге қауқары бар. Ішкі сұранысты толық қамтамасыз ету үшін қазіргі 14,5 миллионнан 17,5 млн тоннаға жеткізу керек. Бірақ сол 3 млн тоннаны өңдеп, жанар-жағармай алуға жеткізетін жолда үлкен кедергі бар. Ол — энергетика министрлігінің бұйрығы. Осы аптада үкімет басшысына ұн қатқан Е. Барлыбаев бұйрықтың күшін жоюды сұрады. Құзырлы мекеме тарапынан қабылданған шешім қуаты 800 мың тоннаға жетпейтін зауыттарға бензин мен дизель отынынан басқа мұнай өнімдерін сатуға тыйым салды. Шикi мұнайды өңдеу кезінде алынатын жанама өнім 30 пайызды құрайды. Содан қойма мен резервуарлық толған. Өнімі өтпеген кәсіпорындар жұмысын тоқтатуға мәжбүр болыпты. Депутаттың айтуынша, шағын зауытқа жол ашылса, ішкі нарық биылдың өзінде отандық жанар-

толинг әлісімен Қытайдан жанар-жағармай алып едік. Біз шикі мұнай береміз. Шекараға жақын Шыңжаңдағы кәсіпорын одан бензин алып елімізге жөнелтетін. Міне, сол зауыттағы өңдеу «терендігі» 96 пайызға жетеді екен. Яғни небәрі 4 пайызы қалдық деген сөз. Қазір жанартылып жатқан әлгі ірі 3 зауытта бұл көрсеткіш қандай болады? Сондай-ақ осы кәсіпорындардың бірі жоспарлы түрде жөндеу жұмыстары үшін жабылып жатса, қалған екеуі оның орнын жоқтатпауға қауқарлы ма? Бұл жағы әзірге бізге беймәлім.

Мұнай төңірегіндегі білікті маман Сергей Смирновтың есебінше, отандық бензиннің бағасында шикі мұнайдың үлесі 60, ал салық 15 пайызды құрайды. Ресейде қара майдың үлесі небәрі 6 пайыз. 60 пайызы салық ретінде бюджетке кетеді. Осыдан-ақ, бензин саудасының кімге тиімді екенін байқауға болады. Қайсыбір сарапшылар айтқандай, ресейлік компаниялар мен біздегі бітпейтін делдалға терістіктен бензин әкеп сату — ұрғын пайда.

Срайыл СМАЙЫЛ



АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

100

млн доллар. Жыл басынан бері отандастырымыз автокөлік алуға жұмсаған ақша

640

мың теңге. Алматыда баласын саудалаған келіншек ұсталды?

50

мың теңге. Ақтөбеде пара сұраған тәртіп сақшысының ісі сотта

700

мың теңге. Ақмолалық азамат алаяққа жем болды

— Оңтүстік өңірдегі тұрғындарды солтүстікке қоныстандыру қолға алынғаны белгілі. Бүгінге дейін Солтүстік Қазақстан, Қостанай және Павлодар облыстарына 19 мың адам көшіп барған. Ал оларды баспанамен қамтамасыз ету мәселесі қалай шешілуде?

Сауалы

Аптаның

Жауабы

### Тамара ДҮЙСЕНОВА,

еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі:

— «Жұмыспен қамту жол картасы» жүйеге асырылған жылдары 5,4 мың қызметтік пәтер мен жатақханадан бөлме берілді. Бұл саясат одан ары да жалғаса береді. Дегенмен, ендігі уақытта жұмыспен қамтудың жаңа бағдарламасы аясында баспана салу қарастырылмайды. Өйткені, «Нұрлы жол» бағдарламасы жүзеге асырылуда. Бірақ жұмыспен қамтудың жаңа бағдарламасы аясында қоныс аударушылардың жалға алатын баспанасына төлем жасау мүмкіндігі қарастырылады. Отбасы мүшесінің санына байланысты әрбір мүшеге 34 мыңнан 68 мың теңгеге дейін баспана жалдауға субсидия беріледі.

### Сөз-Жебе



Бақытгүл ХАМЕНОВА, Мәжіліс депутаты:

«Бұрын қазақтың аналары баласын бұлай көшеге тастамаған. Бұл біздің менталитет үшін жат. Өкінішке қарай, қазір мұндай оқиғалар көбейіп кетті. Сәбиді қоқыс жәшігінен және қоғамдық орындардан тауып алып жатырмыз. Мұндай жайттар республиканың барлық аумағында кездесіп отыр. Бас прокуратураның мәліметіне сәйкес, 2016 жылы 15 іс қозғалды. 2017 жылдың 3 айында 8 оқиға тіркелді. Өкінішке қарай, мұндай оқиға көбейіп кетті. Қыздар ұрпақ жалғастыруы тиіс. Қыздарымыздың тәрбие-өнегесі — болашақ буынның тағдыры»

### Әңгіменің ашығы



## ҚҰРАЛ-САЙМАНЫ ҚАНДАЙ?

«Құтқарушылардың материалдық-техникалық жағдайына келер болсақ, шынымен де, суда құтқару қызметінің қазіргі ахуалы мәз емес». Бұл — ішкі істер вице-министрі Юрий Ильиннің пікірі.

Журналистер Семей қаласында 10 жасар баланың ойылған Ертіс мұзының астына түсіп, батып кеткенін еске алды. Сол кезде құтқарушылар тек сүйімен мен күрекке ғана жүгініпті. Вице-министр де олардың нашар жабдықталғанын мойындап отыр. Суда құтқару қызметі бұрын бөлек құрылым ретінде жұмыс істепті. Кейін Шығыс Қазақстан облыстық шұғыл құтқару жасағына қосқан. Вице-министрдің айтуынша, бүгінде барлығы қаржыға тіреледі. Дегенмен, 2018 жылға арналған жоспардың аясында құтқарушылардың материалдық-техникалық жағдайын шешу көзделген.

Айта кетейік, алдағы уақытта ауа райы күрт жылынса, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарының бірқатар аумағында су басуы қаупі бар.



ЖЕГІҚҰРТ

Әкімдік ең парақор құрылым. Бұл туралы мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының орынбасары Алик Шпекбаев мәлімдеді.

## ЕҢ ЖЕМҚОР МЕКЕМЕ



Оның айтуынша, ең көп пара алатындар — әкімдік, ішкі істер мекемелері, ауыл шаруашылығы министрлігі, қаржы министрлігінің мемлекеттік кіріс департаменті. А.Шпекбаевтың пайымынша, мемлекеттік органда сыбайлас жемқорлық жүйелі түрде байқалса, онда жауапкершілікке басшы да тартылуы тиіс. Осы орайда ол жемқорлыққа қарсы іс-қимыл аясында алдын алу шараларының бірі — мемлекеттік аппаратты қысқарту болып табылатынын атап өтті. Мұның есебінен еңбекақының көлемін арттырған дұрыс. Егер де мемқызметкерлердің 35 пайызы қысқартылса, онда әкімшілік шығынды да үнемдей отырып, мемлекеттік қызметкердің еңбекақысын екі есеге арттыруға мүмкіндік бар.

**Түйткіл**

(Басы 1-бетте)

Дәмеленбегенде кайтеміз, «Тай құлыннан, тенге тиыннан» деген қағиданы ұмытып, бес саусағын бірден ауызына тыққандай «Ауыл шаруашылығын қолдау қоры» АҚ арқылы 668 млн теңгені бөліп жіберсе. Бірақ бұл арман Б.Қуандықов кетісімен орындалмай қалатынын қайдан білейік.

І жартысында жылыжай іске қосылып, алғашқы өнімін берілі деп жоспарлануда. Енді, бұл уәде шынында орындалып, елдің ерні көкөніске тисе екен дейміз. Айтпа кетейік, бұл сыр өңіріне келе салып жұмыс істей алмай қалған жылыжайдың біріншісі емес. Бұдан да бұрын болған. 1967 жылы Ақтөбе облысынан Қызылордаға бірінші хатшы болып ауысып келген Хасан Бектұрғанов бір жиында: «Ауа райы бұдан да қатал Ақтөбеде жылыжай

біздің өлкеде тиімсіз бе? Болмаса, ел айтып жүргендей қаржыны алған кәсіпкерлердің қол алды, көз қысты әрекеті ме? Жарамсыз болып қалған нысанға қайтадан көптеген қаржы бөлмесе оның жұмыс жасап кетуі мүмкін емес. Мақұл, бұған тағы да шығындалып қаржы



# ДАЛАҒА КЕТКЕН ДӘМЕ

Қазір 120 жылыжайдың барлығы қанырап, мына аязда азынап, өскін түгіл ит байласа тұрмайтын жағдайға жеткен. Қанша құрылыс заты қирап, қансып тұрғанына бес жыл болса да бұған ешкімнің бүйрегі бұрмапты. «Жас казак» қордың бас менеджері Әлия Еңсебаеваға хабарласты. Ол «Қызылорда қаласы Қараторғай шатқалында екі жылыжай кешені 2013 жылы салынып, лизингке берілген болатын. Бірінші кешен 70 шағын жылыжайдан тұрады. Оны лизингке алушы азамат құрылыс жұмыстарын өз жауапкершілігіне алды. Ал жер телімі әкімдік тарапынан берілген. «Ауыл шаруашылығын қолдау қоры» қаржы бөлді. Кейін лизингке алған кәсіпкер бас тартып, басқасымен келісім жасауға тура келді. Құрылысшылар өз міндетін толық орындамағандықтан, қор тарапынан хаттама толтырылып, сотқа бердік. Сот шешіміне сәйкес, аяқталмаған жұмыс шығыны есептеліп, ақша кері қайтарылды. Жылыжай 2015 жылы қор балансына алынды. Екінші жоба айтар болсам, 2013 жылдың желтоқсан айында кешен лизинг алушыға берілді. Бірақ бір айдан кейін кәсіпорын бас тартып, кешен қор балансына қайта өтті», — деді. Осы екі жыл ішінде бірнеше рет сауда-саттық, яғни сатып алушыларды іздестіру жұмыстары жүргізілген. Бірақ нысанды сол екі жылда лизингке алуға не сатып алуға өтініш болмаған. Әлияның айтуынша, биыл ғана отандық кәсіпкерлер тарапынан екі өтініш түсіпті. Қазіргі уақытта құжат тапсырылып, тиісті жұмыс атқарылуда. Ағымдағы жылдың

бар. Содан қала тұрғындары дәмеленіп отыр. Ал ондай жүйе неге Сыр өңірінде жоқ» деген соң сол кездегі ауыл шаруашылығы басшысы Қозтай Әбуов қарамағындағы агроном Мұсахан Әбдіқалыровты Ақтөбеге жіберіп, тәжірибе мен сызбасын алдырады. Сөйтіп, қазіргі Қызылжарма ауылына жылыжай салды. Ол жылыжай үш жыл өнім береді. Х.Бектұрғанов кеткен соң ол да өз жұмысын тоқтатады. Демек, біздің облыстың ауа райында жылыжайдан өнім алуға болады. Ендеше, жылыжайдың жұмысын дөңгелете кетуге не жетпей жатыр? Қаржы керек пе, қаржы бөлді. Бір бөлгенде екі рет бөлді. Яғни жылыжай бітіп тұрғанда желмен

бөлер. Ал бұрынғы қаржыны кімнен өндіремек? Бұның жауабын заңды қадағалаушылар бере жатар. Тек өкінішті өртейтіні қазір базарда: — қызанақ пен қияр — 900 теңге; — Баялды (баклажан) — 1000 теңге; — Бұрыш — 1200 теңге; — Көк жуа — 100 теңге; — Аскөк — 50 теңге; — Жусай — 70 теңгенен саудалануда. Егер, «Жылыжайды әлгі екі кәсіпкер жүргізіп кете алса, бұл баға едәуір төмендейді», — дейді мамандар. «Анқау елге арамза молда» дегендей бұл сөзінде де дәмеленіп жүргенімізде тағы да «Қарға қарқ етті,



төбесі ұшып кетіп, қайтадан жөндеуге қаржы алды. Жер дейсіз бе, жерді жергілікті билік ұсынды. Олай болса, неге жүргізе алмады? Кәсіпкерлер бұл саладан хабарсыз ба? Әлде қандайда бір кедергі болды ма? Әлде

аузынан ірімшік салп етті» болып ауымыз айға, көзіміз күнге қарап, бадырақ көз болып отырмасақ игі еді.

Сәкен АЛДАШБАЕВ, журналист, Қызылорда облысы

# ҚОҒАМ ЖҚ

www.jasqazaq.kz E-mail: jas\_qazaq@mail.ru

— Әлеуметтік желіде отандастарымыздың саны 18 миллионға жетті деген ақпарат тарады. Бұл қаншалықты рас?

Сауалы

Аптаның

Жауабы



Динара ӘЛИМОВА, ұлттық экономика министрлігі статистика комитетінің баспасөз хатшысы:



«Әлеуметтік желіде тарап жатқан «Қазақстан халқының есептеуіші» дегеніміз — Біріккен Ұлттар Ұйымының санақ жүйесі. БҰҰ әр елдің халқын өз әдісі бойынша есептейді. Ұйымда басқа халықаралық әдістеме. Олар басқаша санайды. Біздің бұл әдістемеге еш қатысымыз жоқ. Біз басқаша санаймыз. Статистика комиссиясының мәліметі бойынша 18 миллионға жеткен жоқ. Халқымыздың саны сәуір, мамыр айларында 18 миллионға жетіп қалуы мүмкін. Егер жетіп жатса, біз ресми түрде хабарлаймыз»

**Аптаның уәдесі**

## «ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕНЕМІН!»

Алматылық Вячеслав Попов алты айда қазақ тілін меңгеруге уәде берді.



Ол әлеуметтік желідегі жазбасында «Қазақ тілін білмеуімді түпкілікті өзгертпекмін. КСРО кезінде дүниеге келдім деп ақталмаймын да, интернатта, кейін мектепте нашар білім берді демеймін де... Қазақ тілін білмеуім — бұл менің жауапкершілігім! Нақтысы жауапсыздығым! Өзім үйренбедім, қаламадым, қажет демедім, қиын деп қорықтым! Қазір өзіме және айналадағыларға, барлық қазаққа, орысқа және Қазақстан жерінде тұрып жатқан барлық халыққа шын қалауым болса әрі дәстүрді, мәдениетті халықтар достастығын құрметтесе, меңгеруге болатынын дәлелдегім келеді. Осыған және өзге де жағдайларға құрметім ретінде қазақ тілін 6 ай ішінде, қазақ

тілінде еркін сөйлеп, қазақ тілінде әдеби шығарманы оқытын денгейге, терен мағынасын түсінуге уәде беремін. Осы білімсіздікпен күресте көмектесе алар оқытушылар бар ма?», — деді. Алматылық жігіттің бұл бастамасын көпшілік қолдап, тілге деген құрметіне тәнті болды. Кейбірі қазақ тілін меңгерудің қыр-сырын айтып, тіпті кеңес берді.

**Қызықтан қызықтары**

(Басы 1-бетте)

## МАҚТАНҒАН БІРЕУ, АҚТАҒАН БІРЕУ



Кейін 21 жасар Әйгерім Фазылова тәртіп сақшыларынан кешірім сұрады. Сөйтсе, бұл бойжеткен жүргізуші куәлігін беру процедурасын толық түсінбепті. Алматы облысы ПД ЖПҚ басшысы Алпысбай Рахымов «Оның сатып

алдым деп отырғаны ол жасалған төлемді шатастырған. Жүргізуші куәлігі бланкісіне 2838 теңге төлейді. Ал кассада төлемді әкесі жасаған», — деді. Тәртіп сақшысының айтуынша, Әйгерім Фазылова емтиханды екінші мәрте тапсырған. Қараша айында ол сынақ тапсырып, жеткілікті балл жинай алмаған. Дәлел ретінде, тіпті монтаждалан, сапалы бейнежазбаны да ұсынды. Әйтеуір мақтанған біреу, ақтаған біреу.

Осы аптада жүргізуші куәлігін сатып алған бойжеткен әлеуметтік желінің басты тақырыбына айналды. Instagram парақшасында «Маған жүргізуші куәлігін сатып әперді, рахмет, әкетайым!», — деп ағынан жарылған бойжеткеннің бұл әрекеті сынға қатты ілікті. Аргынша тергеу жұмыстары жүргізіліп, оның Алматы облысының тұрғыны екені анықталды.

**Бәрежелді!**

Еліміздің батыс өңірінде полигон ретінде пайдаланылған жерді қайтару жөнінде тағы бір маңызды қадам жасалды.

## ЕМБІДЕГІ ЖЕР ЕЛГЕ ҚАЙТАРЫЛДЫ

Кеше Парламент Сенатында депутаттар Қазақстан мен Ресей арасындағы Ембі полигонын пайдалану және жалға беру шарттары туралы келісімінің және екі ел үкіметтері арасында Ембі сынақ полигонын жалдау туралы шарттың қолданысын тоқтату жөніндегі шаралар туралы қос мемлекет арасындағы хаттаманы бекітуді көздейтін заң жобасын қабылдады. Осы мәселеге орай сөз сөйлеген қорғаныс министрінің орынбасары Оқас Сапаров «Хаттамаға 2016 жылғы 20 қазанда Мәскеуде қол қойылды.



Құжатта Ембі сынақ полигонын жалдау және пайдалану тәртібін реттейтін халықаралық шарттардың қолданысы тоқтатылады.

Сондай-ақ Ресейге уақытша пайдалануға берілген жер телімі, жылжымалы немесе жылжымайтын мүлікте қабылдау жөніндегі қажетті шараны қолға алу көзделген», — деді. Қорғаныс министрлігінің мәліметінше, полигон аумағындағы болған жер пайдалануға жарамды. Ресей тарапынан полигонды

пайдалану бойынша тиісті міндеттерді орындауға қатысты шағым жоқ. Мұндағы жер аймақтағы экономиканы дамытуға оң ықпал етуі тиіс. 300 мың гектарды құрайтын бұл аумақта қазба байлықты барлау мен өндіруге, ауыл шаруашылығымен айналысатын кәсіпкерлер мен түрлі мекемелердің мүддесінде пайдалану сияқты шаруа қолға алынады деп күтілуде. Сонымен қатар полигон аумағы Ақтөбе облысындағы әлеуметтік маңызы зор инфрақұрылымдық жобалардың құрылысы үшін пайдаланылуы мүмкін. Бұдан бұрын хабарланғандай, аталған полигон ядролық сынақ алаңы санатына жатпайды, сондықтан да тұрғындар мен жергілікті билік органдары тарапына қандай да бір аурулардың туындауына байланысты шағым түспеген көрінеді.

**Дабыл**

Қостанайдың Амангелді ауданында құлындар қырылып, малшылар дабыл қақты. Облысының мал дәрігерлік басқармасы Қамбар ата тұқымының жаппай қырылуына байланысты сараптама жасап, нәтижесі де белгілі болды.

Мамандар оқиға орнына барып, түрлі сынама алыпты. Сараптама нәтижесі көрсеткендей, жана туған құлындардың бөрінің қанынан вирус табылған. Қостанай облысы әкімдігінің

## ҚҰЛЫНҒА КЕЛГЕН ЗАУАЛ

мал дәрігерлік басқармасы басшысының орынбасары Марат Күзенбаев «Бұл — тез жұғатын ауру. Енді ол құлыннан басқа биелерге жұғуы мүмкін. Осындай аурудың салдарынан биелердің іш тастау сипаты белең алады. Енді мал дәрігерлері осы аймақтарға шектеу қойып, аурудың басқа түліктерге жұқпауына бақылау жасайтын болады», — дейді. Вақ.kz хабарғандай, соңғы рет құлынның жаппай қырылуы 23 ақпанда тіркеліпті. Амангелді ауданының тұрғыны Сүндет Есентаев «Жан бағып отырған малымыз осылай қырыла берсе, ертеңгі күніміз не болмақ? Алдыңғы жылдары киік қырылса, енді жылқыға зауал келді», — дейді.



**Сарап**

**ӘКІМ БОЛЫП ЕЛДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫҢ БӘРІНЕ БІРДЕЙ ЖАҒУ ҚАЙ КЕЗДЕ ДЕ, КІМГЕ ДЕ ОҢАЙ ШАРУА БОЛҒАН ЕМЕС. «ЖЕТИ ЖҰРТ КЕЛІП, ЖЕТИ ЖҰРТ КЕТКЕН»**

**МАҢҒЫСТАУ ТҮБЕГІН ӘР ЖЫЛДАРДА БАСҚАРУҒА КЕЛІП-КЕТКЕН АЗАМАТТАРДЫҢ АРТЫНАН АРТЫҚ-КЕМ СӨЗ АЙТУ НИЕТИМІЗ ЖОҚ. ОЛАРДЫҢ БАҒАСЫН ҚАЛТ АЙТПАЙТЫН ХАЛЫҚ БЕРЕДІ. ДЕГЕНМЕН, ОСЫ АПТАДА ЖАҢА БАСШЫҒА ОРНЫН БОСАТҚАН АЗАМАТҚА ҚАТЫСТЫ БАРДЫ БАР, ЖОҚТЫ ЖОҚ ДЕП АЙТҚАНЫМЫЗ АРТЫҚ БОЛМАС. СОЛАЙ БОЛСА, ОСЫ МАҢҒЫСТАУДЫҢ МҰНАЙЫН ӨНДІРУМЕН ӨРКЕНІ ӨСІП, ТАЛАБЫ ТАСЫҒАН, АҚЫРЫ АЙМАҚТЫҢ ӘКІМІ БОЛҒАН АЛИК АЙДАРБАЕВ ТӨРТ ЖЫЛДА НЕ ТЫНДЫРДЫ? ОСЫ САУАЛДАРҒА ЖАУАП ІЗДЕП КӨРЕЛІК.**

Азаматтың бойындағы байсалды, қарапайым, жұмсақ мінезіне сай Маңғыстау облысының соңғы жылдар бедеріндегі тыныс-тіршілігі де бірқалыпты тыныш өткен секілді. Аймақты басқаруға келген кезіндегі көпшілікпен алғашқы кездесуінде Алик Айдарбаев «ғаламат дүние істеп, түбегейлі өзгеріс жасаймын, өйтемің де бүйтемің» деп бос уәде бермейтінін ашып айтқан. Онысы «арық сөйлеп, семіз шығуға» бейімділігінің белгісі шығар деп дәмеленді көпшілік. «Нақты іске асатын жоба-жоспар бойынша жұмыс жасаймыз» деген әкім, кейбіреулердей қызыл сөзден қуырдақ қуыратын жорғалығымен емес, өндірістің өзегінде пісіп жетілген кәсіпкермен тән жұмыскерлігімен ілгері басуға ден қойды. Облыс активімен өткізген бірінші кездесуінде бұрынғы сапасыз жасалған және іске асыруға жарамсыз жобаларды түгелдей қайта жасақтау үшін 1 млрд теңге қаражат бөлінетіндігін және «Ақтау-сити» сияқты бүкіл елге жария етілген күмәнді жобадан бас тартатынын мәлімдегені есімізде. Айта кетелік, сол сияқты халықаралық туристік орталыққа айналдырамыз деп жарнамалатқан «Кендірлі» жобасын да шамаға қарай шақтауға шешім қабылдағаны да қисынды болып шықты. Бұрыннан қалған бірқатар проблемалық мәселелерді кезең-кезеңімен шешудің жолын тапты. Аймақпен танысу сапарын сән-салтанатпен керуен құрап, елді жинап сап тұзетпей-ақ айналасындағылармен бірге автобуспен Мұнайлы ауданын аралаудан бастаған қарапайымдылығына да халықтың іші жылып қалған. Кезбояушылық, көпіртіп сөзбен күмпітіп көрсеткіш көтеруге де пейілді емес екеніне кейінгі жылдарда анық көз жеткіздік. Елбасы алға қойған мемлекеттік саясаттың сәтті іске асуы көп жағдайда аймақтардағы атқарылған жүйелі де нақты

Аймақтың соңғы бірнеше жыл қатарынан жалпы ішкі өнім көлемінің өсімі мен инвестициялар тарту бойынша ел аймақтарының арасында алдыңғы орындардан көрінуі нақты нәтижені байқатса керек. «Қолжетімді баспана – 2020» мемлекеттік



бағдарламасын іске асыру қарқынды жүргізіліп, соңғы екі-үш жылдың ішінде тұтас жаңа шағынаудандар пайда болғаны қаншама жылдардан бері қордаланып келген мәселені шешуге елеулі ықпал етті.

Маңғыстау халқының бағзыдан күнкөріс көзі болып келген ауыл шаруашылығын, соның ішінде мал шаруашылығын дамытуға назар аударуының нәтижесінде мал басының өсуі, жергілікті ет, сүт өндіруші шаруашылықтардың өнімдерін мұнай компанияларына өткізу мәселесінің шешімін табуы, жүн, тері өңдеу жұмыстарының қайта қолға алынуы, егін шаруашылығымен айналысушылар қатарының артуы, балық өсіру кәсіпорындарының ашылуы соңғы жылдарда жүйелі жүзеге аса бастаған жобалар санатында.



Әлеуметтік саланы қамтитын «Бизнестің жол картасы – 2020», «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламалары бойынша жұмыссыздықты азайту, қоғамдық ақылы жұмыстар ұйымдастыру бағытында да біршама істер атқарылды. Мектептер мен балабақшалардың көптеп салынуының арқасында үш кезеңде оқыту мен балабақшаға кезекке тұру проблемасы оң шешімін тапты. Медицина саласындағы жетістіктерді де ауыз толтырып айтуға негіз бар. Ең маңыздысы, ана мен бала өлімі көрсеткішінің төмендетуге қол жеткізіліп, облыстық аурухана жанынан жүрекке күрделі ота жасайтын кардиохирургиялық орталық ашылып, жұмысы сәтті жолға қойылғанын ризашылықпен айта аламыз. «Сақалды құрылыс» санатындағы Жаңаөзен қаласындағы перзентхана пайдалануға берілді. Ақтауда 150 орындық ана мен бала денсаулығын қорғау орталығының құрылысы жүріп жатыр.

Әрине, ең бастысы, елімізді ұйғытып, бір мақсатқа топтастырған бірлігіміз бен жарасымдылығымызды сақтауға, қарапайым еңбек адамдарының көңіл-күйін түсініп, халықпен тіл табысуға, жағдайды көптен кенесе отырып шешуге мән берген мәмлелерлігіне мін тағы алмаймыз. Жақсының жақсылығын айтып, көпшіліктің ризашылығын жеткізіп, келешегіне сәттілік тілеген абзал. Бұл ретте біз асыра мақтап, халыққа адал қызмет етуге міндетті азаматтың бітірген бүкіл жұмысын тізбелеуді мақсат еткен жоқпыз, ауызға іліккен негізгілерін ғана айтумен шектелдік. Ал әкімдерге қатысты жұрттың аузында жүретін әдеттегі «ішіп қойды, жеп қойды» деген жағымсыз сөздің бұл кісіге қатысты айтылмайтыны арынның тазалығынан шығар. Айтпақшы, оның бастапқыда байқалған кібіртіктеп сөйлейтін қазақшасы төрт жылда тым тәуір түзеліп, мақалдатып сөз айтатын дәрежеге жеткені, өзге емес өзіне олжа болды. Әрине, облыс халқы үшін қашаннан арман болған, кезінде басталып, іске асырылмай тасталған мұнай өңдеу зауытының салуға қанша күш салып, тиімділігі мен онтайлылығын жоғарыға жеткілікті дәлелдегенмен, жүзеге асыра алмағаны оған да бір арман болып қалған шығар. Сол ниеті үшін де рахмет айтып, түбінде іске асыруға жұмыстануды жалғастыруымыз қажет-ау...

**Мұрат ЖЕТЕКБАЙ**



# ЖАҚСЫНЫ ЖАҚСЫ ДЕЙІК

жұмыстардың нәтижесімен байланысты. Маңызды мақсат-міндеттерді тиісінше іске асыру бағытында үлкен істердің атқарылуына дұрыс басшылық жасап, атқарылуын қадағалай білді. Соңғы жылдардағы мұнай бағасының құнсыздануына байланысты қалыптасқан дағдарысты жағдайға қарамастан, ішкі резервтерді тиімді пайдалану арқылы өлке өндірісін өрге бастыруға, әсіресе газ өндіру көлемін арттыруға қол жеткізді. Аймақта жүзеге асқан ең ірі жобаларды атап өтсек, халықаралық маңызы бар «Қазақстан – Түрікменстан – Иран» және «Боржакты – Ерсай», «Бейнеу – Жезқазған» теміржолдары іске қосылды, «Құрық» паром кешені құрылысының бірінші кезеңі аяқталды, «Каспий Цемент», «Каспий Битум» зауыттары өз жұмысын бастады. Қаламқас мұнай кен орнында елімізде тұңғыш газотурбиндік электр өндіру стансасы іске қосылды. Жетібайдағы мұнай кәсіпшіліктерінде жанғырту жұмыстары жасалды. Көптеген балабақша мен мектептер, емхана, перзентхана, спорт кешендері сияқты халыққа қажетті әлеуметтік нысандар салынып, ел игілігіне берілді. Санитарлық авиация қызметі жолға қойылды. Өлкенімізді еліміздің өзге



өңірлерімен байланыстыратын 470 шақырымдық «Бейнеу – Шетпе – Жетібай – Ақтау» тасжолы құрылысы аяқталуға жақындалы. Аймақтың болашағы зор транзиттік-көліктік әлеуетін пайдалану мақсатында біршама істер атқарылып, келешегі зор жобалар жасқалды. Өткен жылы жалпы жол салу, күрделі жөндеу, ЖСҚ дайындау жұмыстарына 7 млрд теңге жұмсалғаны соның бір дәлелі.

Аймақ тұрғындарын ауызсумен қамту бағытында біршама жұмыстар атқарылғанын ел біледі. Уақытында Елбасының қатысуымен салтанатты жағдайда ашылып, артынан он жыл жұмыс істемей тұрған «Каспий» су тұщыту зауыты қайта іске қосылып, Мұнайлы ауданының Басқұдық, Маңғыстау, Қызылтобе, Дәулет, Батыр ауылдарына құбыр арқылы су жеткізілгеніне куә болдық. Бейнеу ауылында су тазартқыш қондырғы салынып, ауылшілік су құбырларының тартылуы, Жетібай, Мұнайшы, Сайын ауылдарына құбырмен су апарылуы айтарлықтай жетістік ретінде елдің тұрмысын түзеуге оң әсер етті. Сондай-ақ Ақтау қаласының сумен қамту және бөлу жүйелері жаңғыртылып, жаңа шағынаудандардың инфрақұрылымын жасау, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласын модернизациялау бойынша көп шаруалар тындырылды.



# АМЕРИКАДА НЕСИЕ ҚЫМБАТТАДЫ

Мұндай шешім қабылдауға еуроаймақ пен Қытай экономикасында тұрақтылық байқалуы себеп болған көрінеді. Қаржы саласындағы өзгеріс елде жұмыспен қамту мәселесі оң шешім тапқанын байқатады. Мамандар жұмысқа жарамды американдықтарды толық дерлік іске тартатын күн алыс емес деген пікірде. Қазір жұмыссыздық деңгейі 4,5 пайыз шамасында. Ел экономикасының негізгі қозғаушы күші болып табылатын тұтынушылар өміріне

дән риза. Өйткені, тұрақты жұмысы бар, жалақы жоғары.

ФРЖ биыл АҚШ экономикасы 2,1 пайызға өседі деген болжам жасады. Инфляция мөлшері 1,9 пайызды құрауы тиіс. Пайыздық мөлшерлеменің қымбаттауы үй мен көлік алу несиесіне қаншалықты ықпал ететіні әзірге белгісіз. Бірақ бұдан бұрынғы тәжірибе көрсеткендей, мұндағы кредит құны өсуі ықтимал.

Күллі дүние тағатысызана күткен бұл жаңалық мұнай бағасына ықпал етті. Соңғы кездері төмен құлдырай бастаған Brent маркалы «қара алтын» бағасы ептеп қымбаттады.

**Талап ТІЛЕГЕН**

**«Көлеңке»**

# РЕСЕЙДЕ ПАРАНЫҢ ОРТАША МӨЛШЕРІ ҚАНША?



75 пайыз артық. Бұл туралы осы елдегі ішкі істер министрінің өкілі генерал Андрей Курносенко хабарлады.

2016 жылы Ресейде параның орташа мөлшері 330 мың рубль. Бұл өткен жылдағы көрсеткіштен

А. Курносенко «Орташа параның мөлшері 328 мың рубль. Бұл көрсеткіш 2015 жылмен салыстырғанда 75% артық. Сондай-ақ заңсыз сыйақылардың мөлшері әлдеқайда артық», – деді. Ол «Коммерсант» газетіне берген сұхбатында параның әдеттегі мөлшері әлдеқайда көп екенін айтты.

**Байланыс**

# ФРАНКФУРТ ЖАҚЫНДАЙ ТҮСТІ



Air Astana компаниясы Lufthansa код-шеринг келісіміне қол қойып, өзінің ынтымастық аясын кеңейтті. 26 наурыздан бастап Астана мен Франкфурт, Франкфурттан Алматы мен Астанаға қатынайтын Air Astana, Lufthansa рейстеріне арналған келісім күшіне енеді.

Екі әуекомпаниясының тұтынушыларына барлық жағдай жасалып, бағасы қолайлы, қолжетімді болады. Енді жолаушылар тасымалдаушы-операторларға қарамастан, екі әуе жолының біреуінің билеті мен қолын пайдаланып, Air Astana, Lufthansa рейстерімен саяхаттай алады. Бұл туралы Air Astana компаниясының президенті П.Фостер «Мен Air Astana мен Lufthansa арасындағы код-шеринг келісіміне қол қою арқылы ұзақ мерзімді серіктестіктің нығаюына қуаныштымын. Алматы мен Астанадан Франкфуртке саяхаттайтын жолаушыларға олардың саяхаты қызық әрі сапалы болуына қызмет етеміз. Бұл келісім – екі ел

арасындағы әуе рейсінің нығаюына, қазақстандықтардың шетелге тікелей ұшуына бөгетсіз болады», – деп атап өтті. Ал Lufthansa компаниясының ТМД мен Израиль бойынша бас директоры А.Хильгерс «Бұл келісімшарт – біздің Қазақстанмен байланысымызды одан әрі арттырмақ. Еуропа үшін Қазақстан жақын бола тұспек. Бүгінгі уақытта Қазақстан Орталық Азияның ішіндегі қарқынды дамып, экономикасы нығайған ел болған соң, біздің келісім негізінде еуропалықтар бұл елдерге саяхаттап келе алады. Air Astana біздің жаңа серіктесіміз болып тұр. Енді біз бұл компанияны Орталық Азиядағы жетекші әуе компаниясы ретінде көргіміз келеді», – деп жылы лебізін білдірді. Сонымен, ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесіне дейінгі аралықта Астана, Алматы және Франкфурт бағытындағы әуе рейсі ашылып, «1 терминал» жүйесіне көшіп, жолаушылардың уақыттарын үнемдеуіне және билетті қолжетімді бағада алуына кепіл болады екен.

**Елдос ТОҚТАРБАЙ,**  
Астана қаласы

# «ЖАС ҚАЗАҚТЫҢ» КОНФЕРЕНЦИЯСЫ



www.jasqazaq.kz

E-mail: jas\_qazaq@mail.ru

(Басы 1-бетте)

**ЖАҢА ЖЫЛ ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ЖҮЗДЕСУГЕ БЕЛГІЛІ ЖЫРШЫ, АҚЫН ЖҰМАБАЙ ЕСЕКЕЕВ, АҚАН СЕРІ АТЫНДАҒЫ МӘДЕНИЕТ КОЛЛЕДЖІ ДИРЕКТОРЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ ГҮЛНӘР ҚАДЫРАЛИЕВА, Ш.ҚҰСАЙЫНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ МУЗИКАЛЫҚ-ДРАМА ТЕАТРЫНЫҢ РЕЖИССЕРІ ФАРХАДБЕК ҚАНАФИН, ОБЛЫСТЫҚ ХАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРІ АСЫЛБЕК ӘБЕНОВ ҚАТЫСТЫ.**

**Жас қазақ:** Ұлттық мерекені тілі кенжелеп дамыған, өнерінің өрісі тарылған солтүстік өңірде өз деңгейінде қалай атап өтуге болар еді? Қанымызға сіңіріп, қасиеті қаперімізде жүретіндей етіп.

**Жұмабай Есекеев:** Жалпақ жұрт бір-біріне ең жақсы тілегін арнап, жыл басымен құттықтап, арқа-жарқа болатын Наурыз да келіп жетті. Газет бұл тақырыпты көптен қаузап жазып келе жатыр. Талай-талай мәселе көтерді. Бәрі орынды. Тек бір өкініштісі, басылым бетінде жарияланған уәжге жеткілікті деңгейде көңіл аударыла бермейді. Егер Ақмола облысындағы өнер мен мәдениеттің тізгінін ұстап отырған басшылар ел тілегіне елендеп, құлақ асып жатса, әлдеқашан Наурыз тойы шын халықтық тойға айналған болар еді.

Ең алғаш Арқа төсінде, оның ішінде Көкшетау топырағында Наурыз мерекесінің екінші тынысы ашылып, араға 62 жыл салып қалай тойланғаны күні бүгіндей жалғамыз. Өйткені, сол тойдың басы-қасында жүрдік. Жоғалып барып табылған ұлттық құндылығымыздың ұлағатын ұқтыруға, насихаттауға облыс орталығындағы ат төбеліндей өнер аламдары үлкен үлес қосты. Біз ол кезде осы мерекенің мерейін үстем ету үшін айтыс өткізуші едік. Жалғыз Наурыз тойына ғана емес, айтысқа да халықтың әбден шөліккеп қалған кезі ғой. Сол айтыс арқылы той тамашасын арттырып, мазмұнын байытуға ұмтылдык. Бұрынғы Көкшетау облысының барлық аудандарын, тіпті шағалдайдағы шағын елді мекендерді де аралап шықтық. Кеңес заманында ұлт мұратының тілегі кесіліп, халықтың көкірегінде сағыныш бұлығып тұнып тұрды ғой. Наурыз тойын тойлау сақылдап

сіңіре беру керек. Сонда ғана олар ұлттық дәстүрлерді ұғып, ер жетеді.

**Жас қазақ:** Жыл сайын Көкшетау қаласының орталық алаңында өткізілетін Наурыз мерекесіне көңілі толмайтындар аз емес. Осының себебі неде?

**Жұмабай Есекеев:** Алғашқы қарқын жақсы еді. Жаңағы айтып отырғанымыздай, кейін бәсеңси бастады. Оның да бірнеше жанама себебі болуы мүмкін. Ең бастысы, қанша айтқанымызбен сол түрленген, жанарған, жоғалып барып табылған ұлттық салт-дәстүрді жасөспірімдердің санасына сіңіре алмай жатырмыз. Егер шындап сіңіре алсақ, ол ешқашан өшпейтін дүниеге айналар еді. Мысалы, орыс халқында жана жылды екі рет тойлайды емес пе? Желтоқсанның 31-і күні түнде бір тойласа, кейін он үш күннен кейін ескі жана жыл деп тағы тойлайды. Ескі жана жылдары әлдеқашан өткен. Бірақ өздерінің жалында қалып қойған мерекесі. Міне, санаға



жасалып, бес-алты киіз үй тігіліп, қой сойылып, Наурыз тойы атап өтіледі. Егер мейрамның не үшін тойланатынын білмесе, оның ешқандай мәнісі болмайды ғой. Киіз үйдегі астан халық дәм татпайды. Егер жұртшылық ауыз тиіп, Наурыз-тілек айтпаса, Ұлыс күні берекелі бола ма? Біз колледжде мерекесін тойлағанда оқу

балуандар белдескенде қаумалаған жанкүйерлер, иін тірескен халық. Орталықта өтіп жататын концерттерді тамашалайтындар да аз. Себебі бағдарламаларда жанашылық жоқ, бәрі бір сарында өтеді. Тағы бір айта кеткім келгені, мереке қарсаңында әрбір жерде Наурыз көже пісіріледі. Көжеден ауыз тисен, дәмі өртүрлі болады. Бірі мейіз салса, енді бірі тары қосады дегендей.

**Жас қазақ:** Осы уақытқа дейін орын алып келген кемшіліктерден қалай арылуға болар еді? **Фархадбек Қанафин:** Қазір бізде қайталаушылық басым. Ұқсастық көп. Әр жыл сайын бір сарынды өткізіліп келе жатыр. Оның үстіне Наурыз мейрамы өзінің мән-мазмұнымен өзге ұлттарды қызықтырып тарта алмай жатыр. Осы арада шындықты қадап айтуымыз керек. Өзге ұлттар қызықпайды. Олар құрметпен қарау үшін ең алдымен форматын өзгерту керек шығар, мазмұнын, ұлттық қалыптың байыту керек.

Өткен жылы татар халқы Қазан қаласында он мың адамға ауызшар берді. Біреудің билігі астында жүрген ұлттың серпілісі. Ал біз Наурыз тойында он адамға Наурыз көжесінен тегін дәм татыра алмаймыз.

Әншейінде ұлтымыздың ұлттық тағамы өте бай дейміз. Бүгінде тансық тағамға айналған сол тағамдарымыз Наурыз тойының дастарханына неге қойылмайды. Бұл бір жағынан тойдың берекесін арттырса, екінші жағынан ұлттық тағамдарды насихаттауға, көрсетуге, жұртты жақсылыққа жұмылдыруға септігін тигізбес пе еді.

**Жас қазақ:** Осы орайда, ұтымды ой айтсаңыздар оң болар еді. Алдағы уақытта сіздердің ой-пікірлеріңізді ескеріп, көшіміз жүре түзелер.

**Асылбек Әбенев:** Менің ойымша, үлкен тайқазанды орталық алаңға қойып, көжені баппен дайындай алатын сыйлы әжелерді тандап алып, ұлттық тағамды бір жерде ғана пісірсе. Сол жерден әркім өзіне қажетінше алып, оны қаланың барлық аудандарына таратып, дәм татқызса. Сонымен қатар әлгінде өзім тілге тиек еткен шынайылық дегеннен

## ЖРПАҚҚА ҰЛАҒАТҒЫ ЗОР



**Фархадбек Қанафин:**  
«Өткен жылы татар халқы Қазан қаласында он мың адамға ауызшар берді. Біреудің билігі астында жүрген ұлттың серпілісі. Ал біз Наурыз тойында он адамға Наурыз көжесінен тегін дәм татыра алмаймыз. Әншейінде ұлтымыздың ұлттық тағамы өте бай дейміз. Бүгінде таңсық тағамға айналған сол тағамдарымыз Наурыз тойының дастарханына неге қойылмайды. Бұл бір жағынан тойдың берекесін арттырса, екінші жағынан ұлттық тағамдарды насихаттауға, көрсетуге, жұртты жақсылыққа жұмылдыруға септігін тигізбес пе еді!»

сінген соң өшуі онай болмайтын нақты мысал. Бір кезде облыс орталығында Наурыз мерекесін жақсы өткізді. Орталық көшенің басынан жар салып жаршылар, көне заманның көрінісіндей шалқар көш, көш бойы қаншама әдет-ғұрып, салт-дәстүр. Ғажайып көрініс болатын. Жүйрік атқа мінген жаршылар сүйіншілеп құйғытқанда бір жағынан жұртты жинаса, екінші жағынан қалғып кеткен көкіректердегі ойды оятатын, тұлға бойларына тебіреніс бітіретін. Айналып келгенде, осының барлығы мерекенің мерейін үстем етуге бағытталатын.

қайнаған қазанның қақпағын ашып жібергендей әсер етті. Көктемде қар күрт ерігенде сай саланың бәрі суға толып, дүрілдеп, дүркіреп ақпай ма. Міне, дәл сол сияқты, ұлтымыздың ғажайып салт-дәстүрі, әдет-ғұрып жолын кескен тұсау-тосқауылдан арылып, дүр ете түсті.

**Жас қазақ:** Жұмабай аға, мұның бәрін өткендегі шаруа. Расында да, алғашқы бетте жұрттың ынтығасы жақсы еді. Кейін біршама өңі қашып, шындығын айтқанда, халықтың қызығушылығы төмендей бастады. Оған себеп, бұл жайында кім, не айтар еді?

**Фархадбек Қанафин:** Шынында да, Жұмабай ағам дұрыс айтып отыр. Алғашқы бетте қызығушылықты күшті болғаны рас. Кейін ел сұлбыр тартты. Ендігі міндет — Наурыз мейрамын шынайы халықтық мерекеге айналдыру. Ол үшін тек ресми мерекені ұйымдастырушыларға ғана иек артып отырмауымыз керек. Әрбір ұлт болашағын ойлайтын, ұлтым дейтін азаматтар атсалысса, нұр үстіне нұр. Мәселен, 2015 жылы көкшетаулық кәсіпкер Ораз Блдырсов жеке өзі ағайын-туыстарымен, қаладағы интеллигенция өкілдерімен кен ауқымды той өткізді. Бұрабайдың баурайынан нар түйені алдырып, оған Қыдыр атаны мінгізіп, той барысында қаншама ұлттық салт-дәстүр көрсетіліп, қызғылықты ойындар ойнатылып, олардың мән-маңызы айтылып өткізді. Танымдық, тағалымдық тұсы алап айтқысыз тамаша болды. Тіпті қонақтарының бәрі дерлік ұлттық киім киіп келіпті. Бірақ Ораздың бастамасын қолдап кететін кәсіпкерлер табылмады.

2014 жылы біздің театр жазушы Нұрғали Ораздың ертегісі желісімен қойылым дайындады. Әлгі қойылымды білім ошақтарында мектеп оқушыларының назарына ұсындық. Жақсы қабылдады. Негізгі желісі Наурыз көжеге дайындауға қажетті дәмдер. Әр актер әлгі дәмдердің кейіпінде. Оларға қарсы «Роллтон» кеспесінің дәмдерінің бейнесіндегі кейіпкерлер. Осылар өзара шіеленіске түсіп, шарпысады. Қойылым көрсетіліп жатқанда кіп-кішкентай балалар наурыздың дәмдеріне жаны ашып, айқайлап көмек көрсетіп, дөмеп отырды. Олар қойылымды көрушілер ғана емес, оқиғаның өзіне араласушылар болып кетті. Міне, осындай шығармаларды бүлдіршіндердің сәби санасына

орнының дәлізіне ақ канат киіз үй орнатып, ақ дастархан жайып, ұлттық тағамдарды пісіріп, бізге білім алушыларды лек-легімен шақырып, наурыз көжеден дәм татқызып, ойындар өткізіп, сән-салтанаты жарасқан мәнді мәдени шара ұйымдастырамыз. Биыл да жылдағы дәстүр бойынша осы жынға келмесе, бұрын мен өзім сабақ беретін оқушылармен осы Наурыз тойы бұқаралық сипат алуы үшін қандай шараларды қолға алу керек деген сұрақ қойдым балаларға. Сонда оқушылардың барлығы бірауыздан Наурыз мерекесінде бүлдіршіндерге Қыдыр атадан базарлық тарату керектігін баса айтты. Біз желтоқсандағы жана жыл мерекесінде тәтті-дәмділерді кішкентай балаларға тарту етеміз ғой, әдемі сыйлықтар әпереміз. Сондықтан да олар сол жана жылды елегізіп тосады. Наурыз тойында да бір-бірімізге шамамыз келгенше сый-сияпат жасасақ, сөйтіп, үлкенді де, кішіні де қуантсақ, жақсы болар еді.

**Жас қазақ:** Халықты, әсіресе балаларды қалай қызықтырып, тартуға болады?  
**Асылбек Әбенев:** Жана Гүлнәр Әнуарбекқызы дұрыс айтып өтті. Қазақ қуантсаң, баланы қуант демеі ме?! Мектепке дейінгі мекемелерде Наурыз қарсаңында арнайы қоржын дайындап, балаларға тәттілермен қатар, құрт, малта салып жіберсек. Қоржындары да бала

Асылбек Әбенев:

«Қазақ қуантсаң, баланы қуант демеі ме?! Мектепке дейінгі мекемелерде Наурыз қарсаңында арнайы қоржын дайындап, балаларға тәттілермен қатар, құрт, малта салып жіберсек. Қоржынды да бала қызығарлықтай әдемі қылып әспеттеп, Қыдыр атаның, не болмаса көктемнің әуелгі жаршысы қызғалдақтардың суретін салып тартымды етіп жасасақ. Сонда балалар жыл сайын Қыдыр атадан базарлық күтеді ғой. Ата-аналар да осы идеяны қолдап «Қыдыр ата беріп жіберді» деп үйге базарлық ала барса қандай ғанибет!»



Гүлнәр Әнуарбекқызы:

«Өкінішке қарай, біздің қоғамда Наурыздың не екенін түсінбейтін адамдар бар. Тіптен олардың Наурыз кімнің мерекесі екенін білмейтіндігіне күйінесің. Ұлық мейрам не үшін тойланады? Әйтеуір ырымы жасалып, бес-алты киіз үй тігіліп, қой сойылып, Наурыз тойы атап өтіледі. Егер мейрамның не үшін тойланатынын білмесе, оның ешқандай мәнісі болмайды ғой. Киіз үйдегі астан халық дәм татпайды. Егер жұртшылық ауыз тиіп, Наурыз-тілек айтпаса, Ұлыс күні берекелі бола ма?»



қызығарлықтай әдемі қылып әспеттеп, Қыдыр атаның, не болмаса көктемнің әуелгі жаршысы қызғалдақтардың суретін салып тартымды етіп жасасақ. Сонда балалар жыл сайын Қыдыр атадан базарлық күтеді ғой. Ата-аналар да осы идеяны қолдап Қыдыр ата беріп жіберді деп үйге базарлық ала барса, қандай ғанибет.

Жалпы жасандылықты жан баласы жақсы қабылдай бермейді. Ал бізде бұл мереке көбінесе жалаң ұран, жаттанды сценариймен өтетіні өтірік емес. Менің ойымша, Наурыздың бұқаралық сипат ала алмауы да осыдан. Бір-ақ мысал. Орталықта өткізілетін спорттық ойындарды алып қарасаныз, соны тамашалаймын дейтіндердің қарасы көп. Қол жүресі болсын, иә болмаса

шығады. Ақшанқан киіз үйлер тігіледі. Ішіне бай-бағландардан басқа тиік аттап баспайды. Одан қарапайым халыққа тиер пайда шамалы. Одан да әрбір киіз үйде облыс тұрғындарының бірі құдалығын өткізсе, енді бірі, келін тұсырса, енді бір әулет баланың тұсауын кесіп мәре-сәре болып қуанып жатады емес пе? Шынайылық бар жерде көңіл де асақ. Әлгінде Фархадбек бауырым жақсы айтты. Қала көшелеріне жаршы жіберіп, алақайлатып Наурыз келгенін жар салып сүйіншілеп хабарлау керек. Біз әлі тар шеңберден шыға алмай жүрміз. Өзіміздің ұлттық құндылықтарымызды тиісті деңгейде дұрыс ұлықтай алмаймыз. Кеңес дәуірінің сойқан саясатының кесірінен Наурыз мейрамынан қол үзіп қалғанымыз шындық. Біздің нағыз жана жылымыз осы — Наурыз мейрамы болуы қажет.

**Жас қазақ:** Мәдениет пен білім саласының майталмандары кездесу барысында көсіле нәм шешіле сөйледі. Көңілдеріндегі күпті мәселелерін де іркіп қалмады. Әз Наурыз мерекесін қайтсек жандандыра түссек, оның бұқаралық сипат алуына қалай үлес қосуға болады деген сұрақтар төңірегінде түрлі пікір айтылды. Соның арасында мерекеде балаларға базарлық тарату, ұлылығымызды ұлықтайтын ұлттық мәдениетіміз бен өнерімізді барынша насихаттау, бұл күнді жалпы халықтық мейрамға айналдыру сияқты ұсыныстар жерде қалмауы керек. Себебі ұлылық пен сұлулық тұнып тұрған Әз Наурыздың өскелең ұрпаққа берер ұлағаты зор. Әрбір шаңырақ шаттықтың шырайлы шуағына бөленіп, бақыт пен береке, ынтымақ пен ырыс салтанат құрып, баршамызға, Ұлыстың ұлы мейрамы құтты болсын, ағайын!

Ұйымдастырған Байқал БАЙӘДІЛОВ Сурет: Берік ЕСКЕНОВ








**Ақмола облысы Краснояр ауылында тұратын Оралбек Қайсанов бірнеше жылдан бері қазақы төбеттің тұқымын жақсарту бағытында тынымсыз ізденіп жүр. Бұл туралы тоқталмас бұрын Оралбектің өміріне кішігірім саяхат жасап алсақ, Ол Шығыс Қазақстан облысына қарасты Тарбағатай ауданының Қарасу ауылында дүниеге келген. Қазір бұл ауыл Қабанбай батыр ауылы деп аталады. Төңірегі толған қырат, жота, тау. Толағай, Сеңгір, Тарбағатай таулары. Ту сонау етекте әлдеқайдан тұсіп қалған бір шөкім моншақ тәрізді мөлт-мөлт етіп Зайсан көлі жатыр.**

Ертеректе ауыл қариялары тал шыбықты ат қылып мінген балаларды жинап алып күрестіретін. Бір қарағанда әншейін ермек тәрізді. Ал, шынтуайтына келсе, жас құрақтай желкідеп өсіп келе жатқан жеткіншектерді шынықтыру, өжеттілікке баулу, жас көкіректе бұйығып жатқан намыс отын тұтату. Оралбек бойы сәл аласа болғанымен, өзінен бірер жас үлкен балалармен белдесе беретін. Жеңсе нағашысы Секен Байжұманов күректтей алаканымен басынан сипап еркелетеді. «Сары палуан» деп ат қойған



# Жетінші қазынаның жанашысы

да нағашысы. Осы жиен кейін жауырыны жерге тимейтін балуан болады деп үміттеніп отырушы еді. Ел ішіндегі кішігірім тойларда жұлдызы жанса, нағашыларына тартқан деп масаттанатын. Нағашы қауым үкілеп үміт артқан «сары палуан» сан түрлі жарыстарда жеңіске жетті. Спортты

өмірлік серігі еткен азамат бүгінде қазақ төбетті сақтап қалу үшін аянбай тер төгіп жүр. Соңғы кездері күнде талқысып, үзіліп барып қайта жалғанып, өшіп барып енді жанып жатқан құсбегілік, атбегілік өнер тәрізді қаны таза текті иттерді тауып асырау, олардан тұқым алу жана ғана қолға алынып жатыр. Наурыз мерекесі қарсаңында сол текті итті сақтап қалу жолында жүрген Оралбекті сөзге тарттық. Әңгімені бірден алабай тұқымды иттен бастады.

— Мен алабай деген ит тұқымы барлығына сенбеймін. Ұзақ жылдан бері осы салада тірнектеп жұмыс істеп жүргеннен кейін, азды-көпті тәжірибеме сүйене отырып, өз пікірімді білдіретін болсам, алабай тамырын тереңнен алатын иттің тұқымы емес. Алабай сөзінің өзінен көрініп тұрғандай бұл әлдебір будан иттердің түрін, оның жүнінің бояуын білдіретін болуы мүмкін. Сол будан иттен жана тұқым шығару, оны жан-жақты насихаттау негізсіз ұғым тудырып отыр. Кешегі кеңес заманы орнығардың алдында ақ қашып, қызыл қуған аласапыранда қазақ топырағын жайлаған Алаштың арда ұлдары ата-бабасының қасиетті кіндік қаны тамған кастерлі топырақты тастап, төрткүл дүниеге тарыдай шашылып кетті. Көшкен елмен бірге сан ғасыр бойы даланын айбары болған тегі таза, тұқымы мықты бөрібасар мен төбет ит бірге кетті. Қазір алыс, жақын шетелдерде сол қазақ даласынан кеткен, арғы



асылтұқымды ит бар. Ермек еткен адам қызығы мен азабы бірдей осынша итті генетика заңын сақтай отырып, өсіре алар ма еді. Ол үшін айрықша тәзім, ерекше ынта керек. Әр иттің мінез-құлқын қадағалау, денсаулығын көзден таса етпеу, дағдыландыру, тәрбиелеу кез келген адамның қолынан келе бермейтін азабы мол шаруа. Қысқа жіп күрмеуге келмей тұрған мына заманда ит түгіл адамды асырау оңайға түспей тұрған шақта еріккен адам елу ит баға алар ма еді?

жоғалғанымыз табылып жатқан бүгінгі ақ түйенің қарны жарылған айпара заманда ұлттық брендіміз болып саналатын аң патшасы арыстан сипатты бөрібасар мен көркіне көзін тоймайтын, күш-қуатына өз жанын сүйсінер қазақтың төбет итінің тұқымын көбейтсек, жарасымды емес пе.

Төбеттің айырмашылығы дене бітімінде. Бізге дейінгі ата-бабамыз әр сөздің бояуын, дәмін айыра білген ғой. Атауының өзінен көрініп тұрған жоқ па? Бөрібасар, демек, бөріні алатын, соған шамасы қаптал жететін әулетті деген ұғымды білдірсе керек қой. Бөрібасардың басы ересен үлкен, мойны жуан, бас пен мойын зор кеудеге қолдан күйгендей тұтасып кеткен тәрізді болады. Езуі жырта қарыс. Азу тістері салалы әрі өткір, мықты келеді. Кеудесі жуан, аяқтары сінірлі, ұзын. Шынтақ кеудеден сәл алшақтау. Белі садақтың жағындай серіппелі. Күдістеу біткен мойын омыртқа жонданып барып күшті серпінді белге жымдаса жалғасалы. Дауысы көмейінен, жұтқыншақтың түбінен бәлкім, зор кеуденің өзінен шыққан тәрізді қою гүріл араласып салмақты леппен шығады.

Егер осы іспен ондаған жыл айналысып жүрсем әрине, ермек деуге келмес. Зайыры ермек еріккеннің ісі. Өзінің ойлап көріңіз, қазір менде алпысқа жуық

Ит асыраумен он жылдан астам уақыт бойы айналысып келемін. Асылтұқымды итті бір шеті Ауғанстан мен бір шеті Түркменстаннан жинадым. Отбасым ит асырағаныма қарсы емес. Әр адамның алдына қойған бір мақсаты болады ғой. Менің мақсатым — осы. Кейбір түсінебейтін адамдар басқаша да ойлауы мүмкін. Ал көршілерім алғашқыда үрекеттей қарап, ептеп күнкілдегендері де рас. Кейін көндігіп кетті. Олай болатыны менің төбеттерім көршінің қаз-үйрегің ұрлайтын бұралқы ит емес. Кісі қаппайды. Ешкімге зияны жоқ. Сосын да көрші-қолаң төбеттердің тұлғасын көріп тектілігін танып тәтті болып, өздері де қызықтап жүреді.

Қазіргі таңда асылтұқымды иттерді сату өзінің бизнес екендігі жасырын емес. Әр тұқымы тұздай құрып бара жатқан төбеттің қымбат бағаланатындығы әртүрлі жарыстарда жүзде алған белгілі. Тұқым жаналау үшін өзіміз де сағып алып жүрміз. Текті төбеттер бес мың доллардан жоғары бағаланады. Бірақ, мен төбеттерді сату үшін емес, олардың тұқымын жанаалап, көбейту үшін бағамын.

Оралбаймен әңгімесін осы жерден аяқтады. Жалпы ит жеті қазынаның бірі деп Алаштың сұңғыла қарттары тегін айтпаған. Төбет барлықтың, байлықтың, тектіліктің белгісі. Қазақ даласын жұртқыштан, жаудан қорғап қалған төбеттің XXI ғасырда да өмір сүруге толық хақысы бар.

Байкал БАЙӘДІЛОВ

## Қалыңдығына 33 тонна тас сыйлады

Қытайдағы Үрімжі қаласының тұрғыны қалыңдығына ұсыныс жасау үшін неке сақинасымен бірге 33 тонна тас сыйлады.

Ол тасқа 1 миллион юань (50 млн теңге) жұмсаған. Осылайша 4 жылдан бері кездесіп жүрген қалыңдығын қуантқысы келіпті. Себебі осыдан бір жарым жыл бұрын жігіттің қалыңдығы осы «метеоритке» қатты қызыққан көрінеді. Лю Фэй әу баста жинаған

акшасына үй алғысы келгенімен, осы тасты қалыңдығына сыйға тартуды ұйғарыпты.

«Бұл біздің махаббатымыздың берік әрі мәңгі болуының белгісі» — дейді жігіт. Мұндай тосын сыйлықты күтпеген қалыңдық тұрмысқа шығуға бірден келісімін беріпті. Бұл туралы ақпарат құралдары Sina порталына сілтеме жасай отырып хабарлады.



**Директор — Бас редактор**  
**Срайыл СМАЙЫЛ**

**Редакция алкасы:**  
Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ  
Бас редактордың бірінші орынбасары  
Ғалия ҚАЛИЕВА  
компьютер орталығының жетекшісі

**Тілшілер мен қызметкерлер:**  
Елдос ТОҚТАРБАЙ — Астана қаласындағы меншікті тілші  
Жарас КЕМЕЛЖАН — қоғам және әлеумет  
Мадияр АРЫСТАНБАЕВ — арнаулы тілші  
Мақпал НОҒАЙБАЕВА — өнер және руханият  
Руслан ДОСТАЕВ — web-редактор  
Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміші  
Мехмет СЕМЕРЖИ — фототілші

**Аймақтағы меншікті тілшілер:**  
Байкал БАЙӘДІЛОВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)  
Шынарғұл ОНАШБАЙ — Алматы облысы (8 701 503 02 76)  
Сабырбек ОЛЖАБАЙ — Оңтүстік Қазақстан облысы (8 701 385 72 75)  
Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ — Маңғыстау облысы (8 702 799 06 22)  
Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no  
Ұлай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

**Кезекші редактор**  
**Мақпал НОҒАЙБАЕВА**

**Шығарушы:**  
**«Аманат Медиа» ЖШС**

Директордың орынбасары  
**Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ**

Бас есепші  
**Расима ӘКІМБЕКОВА**

Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралының есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Air Astana», «Turkish Airlines», «Qazaq Air» әуежайларының ұшақтарында бар.

**Редакцияның мекенжайы:**  
050009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93-үй (Абай даңғылының қиылысы)  
Телефондар: 8(727) 394-37-22; факс: 394-39-68  
Бухгалтерия: тел. факс: 8(727) 394-39-67 (жарнама бөлімінің ішкі нөмірі 108)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54 Тапсырыс — №2111; Бағасы келісім бойынша

**Айлық таралымы — 52 000 дана**